

«ЭПОСТАН КОМИКСКЕ: ЖИ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫН ҚАЛАЙ
ӨЗГЕРТТІ?»

Тулепбергенова Куркем Габиденовна

tolepbergenova2006@icloud.com

«Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі» білім бағдарламасының 3 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, педагогика магистрі, сеньор-лектор – Тулепбергенова Р.Р.

Қазіргі заман – технологияның қарыштап дамыған дәуірі. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) күн сайын жаңа белестерді бағындырып, адам өмірінің түрлі салаларына еніп келеді. Бұл өзгерістердің білім беру жүйесіне, әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті пәніне тигізер әсері айрықша. Осы орайда, жасанды интеллекттің қазақ тілі мен әдебиетіне әсері, оның артықшылықтары мен кемшіліктері туралы зерттеп, ой өрбітуді жөн көрдім.

Бүгінгі таңда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда түрлі электронды құралдар, мобильді қосымшалар, онлайн платформалар кеңінен қолданылуда. Бұл технологиялар оқушылар мен мұғалімдерге үлкен көмек көрсетеді: тіл үйренуді жеңілдетеді, әдеби шығармаларды талдауда, грамматикалық ережелерді түсіндіруде, мәтіндерді аударуда және жазбаша жұмыстарды тексеруде уақыт пен күш үнемдейді. Мысалы, оқушылар эссе немесе шығарма жазғанда ЖИ негізіндегі бағдарламалар грамматикалық қателерді анықтап, стилистикалық кеңестер береді. Сонымен қатар, көркем шығармаларды оқығанда түсінбеген сөздерді немесе сөйлемдерді автоматты түрде аударып, түсіндіріп бере алады.

Жасанды интеллекттің тағы бір маңызды мүмкіндігі – әр оқушыға жеке оқу бағдарламасын құру. Бұл технология әр оқушының білім деңгейі мен қызығушылығын ескере отырып, арнайы тапсырмалар мен жаттығулар ұсына алады. Бұл өз кезегінде оқушылардың оқу үлгерімін арттырып, қазақ тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығын күшейтеді.

Болашақта жасанды интеллекттің қазақ тілі мен әдебиетіне әсері одан әрі арта түспек. ЖИ көмегімен қазақ тіліндегі үлкен көлемдегі мәтіндер жинақталып, талданып, тілдің дамуы мен өзгеру үрдістері зерттеледі. Бұл тіл мамандарына, ғалымдарға және мұғалімдерге тілдің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ әдеби шығармаларды талдауда, образдарды, тақырыптарды, идеяларды анықтауда, шығармалардың құрылымын зерттеуде таптырмас құралға айналуы мүмкін.

Болашақта жасанды интеллект қазақ тіліндегі оқулықтарды, көркем шығармаларды автоматты түрде аударып, оқушыларға ыңғайлы түрде ұсынатын болады. Сонымен қатар, ЖИ көмегімен оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамытатын, әдеби шығармашылыққа баулитын арнайы бағдарламалар жасалуы мүмкін. Бұл қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, әдебиеттің дамуына жаңа серпін береді.

Дегенмен, жасанды интеллекттің дамуы кейбір қауіптер мен сын-тегеуріндерге де әкелуі мүмкін. Мысалы, оқушылардың өз бетімен ойлау, шығармашылық жұмыс істеу дағдылары төмендеп кетуі ықтимал. Сондай-ақ, ЖИ жүйелері қазақ тілінің барлық ерекшеліктерін, диалектілерін, әдеби стильдерін толық меңгермеуі мүмкін. Кейбір ауылдық мектептерде интернеттің немесе компьютерлік техниканың жеткіліксіздігі ЖИ технологияларын қолдануға кедергі болуы ықтимал. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, эмоциялық қолдау, ынталандыру сияқты маңызды аспектілерді ЖИ толықтай алмастыра алмайды.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі цифрлық трансформацияның жаңа кезеңіне аяқ басты. Мұғалімдердің күнделікті жұмысын жеңілдету, сабақты қызықты өткізу және оқушылардың ынтасын ояту үшін жасанды интеллект таптырмас көмекшіге айналды. Егер бұрын біз тек мәтіндік ақпаратпен шектелсек, қазір ЖИ құралдары қысқа мерзімді жоспарды (ҚМЖ) жасап қана қоймай, әдеби шығармаларды комикске айналдырып, тіпті виртуалды зертханалар құруға қауқарлы.

Мұғалімнің «оң қолы»: Shyraq AI және ҚМЖ генераторлары

Shyraq AI - қазақстандық ұстаздардың ең сүйікті құралдарының бірі. Ол мұғалімнің уақытын үнемдеп, сабақ мақсатына сай әдіс-тәсілдерді, дескрипторларды автоматты түрде құрастырып береді.

«Менің атым – Қожа» туындысындағы Рахманов ұстаздың: «Шәкірт деген – ішіне бәрін тықпалай беретін қапшық емес, ол - лаулап жанатын алау. Мұғалімнің міндеті – сол отты тұтату», – деген қағидасы бүгін де өзінің маңызын жойған жоқ. Өкінішке қарай, қазіргі таңда мұғалімдердің асыл уақыты шығармашылыққа емес, шексіз құжаттар мен есептерге жұмсалып жатыр. Қағазбастылықты жою туралы айтылғанымен, бұл мәселе әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Осы орайда, заманауи технологиялар үлкен үміт сыйлайды. Соның бірі - педагогтардың жүктемесін жеңілдетуге арналған «Shyraq AI» платформасы. Соңғы екі жылда бұл жүйеге 55 мыңнан астам маман тіркеліп, жасанды интеллектінің көмегіне жүгіне бастады.

Жоба үйлестірушісі Еламан Бауыржанұлының айтуынша, педагогтардың көбі жасанды интеллектке (ЖИ) дұрыс сұраныс жібере алмағандықтан, технологияны меңгеруде қиындықтарға тап болады. Осы мәселені шешу үшін арнайы кураторлық қолдау қызметі іске қосылған. Боттар жауап беретін өзге сервистерден айырмашылығы – мұнда мамандар таңертеңнен кешке дейін аудио және бейнебайланыс арқылы мұғалімдерге тікелей бағыт-бағдар береді. Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында ЖИ-ді оқу процесіне енгізуге басымдық беріліп отыр. Ұстаздар өздерінің ғылыми еңбектері мен авторлық әдістемелерін осы бағытта дамытуда, ал «Shyraq AI» бұл үдеріске айтарлықтай серпін беріп отыр.

«Shyraq AI» платформасы мұғалімдердің жұмысын жеңілдеткенімен, оның ҚМЖ жасауда белгілі бір кемшіліктері де бар.

Ең алдымен, жекешелендіру деңгейінің төмендігі мәселесін атап өту қажет. Shyraq AI көбіне стандартты шаблондар мен жалпы үлгілерге сүйенеді. Нәтижесінде жасалған ҚМЖ нақты сыныптың ерекшеліктерін, оқушылардың деңгейін немесе мұғалімнің жеке әдістемесін толық ескермей қалуы мүмкін. Бұл сабақтың тиімділігіне кері әсер етуі ықтимал.

Келесі маңызды кемшілік – шығармашылықтың шектелуі. Мұғалімдер дайын AI-жоспарларға сүйене отырып, өздерінің креативті тәсілдерін аз қолдана бастайды. Уақыт өте келе бұл педагогикалық икемділіктің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Сонымен қатар, мазмұн сапасының тұрақсыздығы да байқалады. Кей жағдайларда Shyraq AI ұсынған тапсырмалар немесе оқу мақсаттары оқу бағдарламасына толық сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл мұғалімнен қосымша тексеруді талап етеді, яғни уақыт үнемдеу әрдайым жүзеге аса бермейді.

Тағы бір мәселе – контексті толық түсінбеу. Жүйе нақты мектептің жағдайын, ресурстарын немесе оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескермейді. Соның салдарынан ұсынылған әдіс-тәсілдер әрдайым тиімді бола бермейді.

Технологияға тәуелділік те назар аударуды қажет етеді. Мұғалімдер AI құралдарына үйреніп кеткен жағдайда, өз бетінше жоспар құру дағдылары әлсіреуі мүмкін. Бұл әсіресе жас мамандар үшін маңызды мәселе.

Соңында, техникалық және тілдік шектеулерді айтуға болады. Кейде жүйе қазақ тіліндегі терминологияны дұрыс қолданбауы немесе құрылымы жағынан олқылықтары бар жоспар ұсынуы мүмкін. Мұндай жағдайда мұғалім қайта түзетулер енгізуге мәжбүр болады.

Қорытындылай келе, Shyraq AI арқылы ҚМЖ жасау уақытты үнемдейтін тиімді құрал болғанымен, оны толық сеніммен қолдану дұрыс емес. Мұғалімдер бұл жүйені көмекші құрал ретінде қарастырып, әрбір жоспарды өз тәжірибесіне бейімдеп, мұқият тексеруі қажет деп ойлаймыз.

Қазіргі цифрлық дәуірде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері үшін басты мақсат – мектеп оқушыларының кітап оқуға деген ынтасын ояту. Осы мақсатқа жету үшін жаңашыл әдіс-тәсілдер мен идеялар керек. Осы орайда, Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен жарық көрген Qazcomics.kz сайты қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімдері үшін таптырмас көмекші құралға айналды. Бұл жоба «Ұлы дала аңыздары» идеясы аясында жасалып, ұлттық мұраны

жастарға түсінікті әрі қызықты түрде жеткізуді мақсат етеді. Жобаның басты ерекшелігі – «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр», «Ер Төстік», «Қамбар батыр» сияқты классикалық жырлар мен «Айша-бибі» секілді аңыз-эпсаналарды, тіпті «Кенесары-Наурызбай» сынды тарихи оқиғаларды заманауи комикс форматында ұсынуында.

Qazcomics – дәстүрлі мәдениет пен цифрлық технологияның үйлескен үлгісі. Бұрын тек ауызша немесе кітап арқылы таралған эпостар енді интернет кеңістігінде қолжетімді. Бұл – мәдени мұраны сақтаудың жаңа кезеңі. Заманауи формат арқылы эпостардың өмірі ұзарып, жаңа аудиторияға жол ашты. Сайттағы шығармалар тек мәтін емес, графикалық роман (комикс) ретінде беріледі. Яғни эпостардың сюжеті сурет, диалог және қысқа мәтін арқылы баяндалады..

Мұғалімдер үшін бұл ресурс, ең алдымен, оқушылардың визуалды қабылдау мүмкіндігін пайдаланып, күрделі эпостық жырларды жеңіл әрі қызықты етіп түсіндіруге жол ашады. Сабақ барысында комикстерді қолану оқушының қиялын ұштап, кейіпкерлердің ішкі дүниесі мен сыртқы бейнесін айқын елестетуге көмектеседі. Мысалы, батырлардың киім үлгісі, қару-жарағы және сол дәуірдің атмосферасы суреттер арқылы берілгендіктен, баланың тарихи жады жақсырақ дамиды. Сонымен қатар, комикстер оқиға желісін жүйелі есте сақтауға, сюжеттік композицияны (басталуы, шиеленісуі, шешімі) тез меңгеруге септігін тигізеді.

Мұғалім бұл платформаны пайдалана отырып, «Мәтін мен сурет арасындағы байланыс», «Кейіпкерлер диалогын талдау» немесе «Комикс негізінде шығармашылық баяндау» сияқты интерактивті тапсырмалар ұйымдастыра алады. Бұл әдіс әсіресе көлемді жырларды оқуға жүрексінетін оқушыларды әдебиет әлеміне тартудың ең тиімді көпірі іспеттес. Нәтижесінде, сабақ тек теориялық білім берумен шектелмей, заманауи технология мен ұлттық құндылықтар астасқан жанды процеске айналады. Бұл портал мұғалімнің уақытын үнемдеп, сабақ сапасын арттырумен қатар, жас ұрпақтың ана тіліндегі контентті тұтыну мәдениетін қалыптастырады.

Qazcomics.kz платформасын қазақ әдебиеті пәнін өткізу барысында қолданып, төмендегідей тұжырымға келдік.

1. Эпостардың жаңа форматқа көшуі

Бұрын эпостар тек кітап бетінде ұсынылса, бүгінде олар заманауи технологиялар арқылы түрлі форматта беріле бастады. Жасанды интеллект көмегімен ұзақ әрі күрделі жырларды қысқаша мазмұнға айналдырып, оны комикс, иллюстрация немесе анимация түрінде көрсетуге болады. Мұндай өзгеріс әсіресе визуалды ақпаратты жақсы қабылдайтын оқушылар үшін тиімді. Комикс форматында ұсынылған эпос кейіпкерлері мен оқиғалар желісі есте оңай сақталып, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады.

2. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту

ЖИ тек дайын материал ұсынумен шектелмейді. Ол оқушыларға өз бетінше шығармашылық жұмыстар жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар эпостық жыр негізінде комикс құрастырып, кейіпкерлердің диалогтарын өздері ойлап таба алады немесе оқиғаның жаңа нұсқасын жасап көреді. Бұл тәсіл оқушылардың қиялын дамытып қана қоймай, олардың мәтінді терең түсінуіне көмектеседі. Себебі оқушы оқиғаны қайта құрастыру барысында оның мазмұнын жан-жақты талдайды.

3. Даралап, деңгейлеп білім беру

Жасанды интеллекттің тағы бір артықшылығы – әр оқушының деңгейіне бейімделе алуы. Бұл платформа арқылы оқушылар өз деңгейіне қарай тапсырмалар орындай алады. Кейбір оқушыларға эпостың қысқартылған нұсқасы ұсынылса, ал басқаларына терең талдау тапсырмалары беріледі. Осылайша, әр оқушы өз мүмкіндігіне қарай білім алады. Бұл әдіс әсіресе әдебиетті түсіну деңгейі әртүрлі сыныптарда тиімді болып табылады.

4. Сабақтың қызықты әрі интерактивті болуы

ЖИ қолданылған сабақтар дәстүрлі жүйедегі сабақтан гөрі әлдеқайда қызықты өтеді. Оқушылар шығармаларды тек тыңдап қана қоймай, сабаққа белсенді түрде қатысады: сұрақтарға жауап береді, тапсырмалар орындайды, өз идеяларын ұсынады. Тапсырмаларды


оқушылар жеке де, жұппен де, топпен де орындауына мүмкіндік алады. Комикс жасау, кейіпкерлерді бейнелеу, оқиға желісін өзгерту сияқты жұмыстар оқушыларды сабаққа тартудың тиімді жолы болып табылады. Бұл өз кезегінде олардың пәнге деген ынтасын арттырады.

Практика барысында Qazcomics.kz порталы бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелері

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және ұлттық құндылықтарды заманауи форматта насихаттау. Осы мақсатта педагогикалық практика барысында Qazcomics.kz порталы пайдаланып сабақтар өткіздік. Практика соңында «Қазақ әдебиеті сабағында комикс форматын қолданудың тиімділігі» тақырыбында арнайы сауалнама жүргіздік. Сауалнама нәтижесінде алынған деректер оқушылардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктері туралы маңызды мәліметтерді ашты.

Зерттеу қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштер

Қатысушылардың жалпы саны: 60 оқушы. Қамту деңгейі: 8-сынып оқушыларының 95%-ы.



Визуалды қабылдау мен сюжетті меңгеру (55%)

Сауалнамаға қатысқан оқушылардың жартысынан астамы (55%) үшін комикс форматының басты пайдасы – оқиға желісін суреттер арқылы жылдам әрі сапалы түсіну мүмкіндігі. Бұл көрсеткіш визуалды контенттің мәтіннен қарағанда сюжеттік құрылымды есте сақтауға әлдеқайда тиімді екенін дәлелдейді.

Оқуға деген мотивацияның артуы (25%)

Респонденттердің 25%-ы комикс нұсқасын оқығаннан кейін шығарманың толық академиялық мәтініне қызығушылық танытқан. Демек, комикс – оқушы мен классикалық әдебиет арасындағы «алтын көпір» қызметін атқарып, оқу сауаттылығын арттыруға тікелей әсер етеді.

Кейіпкерлерді талдау сапасы (15%)

Оқушылардың 15%-ы кейіпкерлердің ішкі дүниесі мен сыртқы келбетін (портретін) суреттер арқылы тану әлдеқайда жеңіл екенін атап өтті. Бұл әдебиет сабағындағы «кейіпкерге мінездеме беру» кезеңін интерактивті деңгейге көтереді.

Тіл дамыту және көне сөздер (5%)

Сондай-ақ, 5% көрсеткіш оқушылардың суреттегі детальдар (киім-кешек, қару-жарақ) арқылы жырдағы көне атаулар мен терминдерді саналы түрде меңгергенін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері Qazcomics.kz порталындағы материалдардың тек ойын-сауық емес, нақты дидактикалық құрал екенін айқындады. Мұғалімдер үшін бұл – сабақтың интерактивтілігін арттыруға және оқушылардың пәнге деген оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін инновациялық әдіс. Визуалды оқыту форматын дәстүрлі әдістеменен ұштастыру болашақ мұғалімдер мен тәжірибелі педагогтар үшін сабақ сапасын арттырудың кепілі болмақ.

Қорытындылай келе, жасанды интеллекттің қазақ тілі мен әдебиеті пәніне тигізер пайдасы зор. Бұл технологиялар білім беру үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың тілдік және әдеби қабілеттерін дамытуға, қазақ тілінің өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Болашақта ЖИ-дің көмегімен қазақ тілі мен әдебиеті пәні жаңа деңгейге көтеріледі деп сеніммен айтуға болады. Бірақ, кез келген технологияны тиімді әрі саналы қолдану – басты шарт.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырайымжанов Қ.Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар.- Алматы: «Эверо» баспасы, 2021. -180 б.
2. Жұмабаева Ә.Е. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың қазіргі мәселелері.- Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ», 2022. -215 б.
3. Рахымбек Д. Цифрлық білім беру ресурстары: теория мен практика.- Шымкент, 2020. -145 б.